

2021-2022 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қазандағы № А-10/519 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 қазанда № 24863 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-тармағындағы 8) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021-2022 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 18 қазандағы
№ А-10/519 қаулысымен
бекітілген

2021-2022 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылы ішінде бір білім алушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)	
			2021жылғы 4 айға	2022 жылғы 8 айға
Бакалавриат				
6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	15 грант	294,7	589,5
	6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	20 грант	294,7	589,5
	6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	15 грант	294,7	589,5
	6В015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	20 грант	294,7	589,5

	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	15 грант	294,7	589,5
	6B019 Арнайы педагогика	15 грант	294,7	589,5
Жиыны:		100 грант		
6 B 1 0 Денсаулық сақтау	6B101 Денсаулық сақтау	50 грант	333,7	667,3
Жиыны:		50 грант		
Резидентура				
7 R 0 1 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	35 грант	332,3	664,5
Жиыны:		35 грант		
Барлығы:		185 грант		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК